

Мақаншы ауданы мәслихатының 2024 жылғы 8 қарашадағы № 13-83/VIII "Мақаншы ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы Мақаншы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 18-122/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 29 сәуірде № 446-18 болып тіркелді

Мақаншы ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мақаншы ауданы мәслихатының "Мақаншы ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2024 жылғы 8 қарашадағы № 13-83/VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 370-18 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әр мүгедектігі бар балаға ай сайын он айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Б. Биболов